

Тұлға

Жаңы жайсаң, танымы зор, көкірегі көреген жанның бірегейлігі мен әйгілілігі, елі үшін сіңірген қызметінің маңыздылығы – бізге үлгі-өнеге. Үстіміздегі жылдың 23 наурызында осы айтулы тұлғаның туғанына 90 жыл толады. Айрықша ақыл-парасат иесі, болмыс-бітмі бәлек біртуар жанның жемісті де жегерлі өмірі – Отанға қызмет етудің қарапайымдылық пен адамгершіліктің жоғары үлгісі. Евней Арыстанұлы Бөкетов – Қазақстандағы қазіргі ғылым мен университеттік білімнің негізін қалаған белгілі ғалымдар қатарында. Ол кісі энциклопедист-ғалым, ерекше жалынды өрі батыл ой-пікірдің иесі, елімізде ғылыми танымның беделі мен мәртебесін лайықты жоғары деңгейге көтерді, ғылыми мектеп құрды, теориялық және тажирібелік ізденістері қазірге қазақстандық химия ғылымы мен өнеркәсібінің, металлургияның жетістіктерін алдын ала анықтап берді.

Евней Бөкетов жас кезінен бастап-ақ бар өмірін ағартушылық іске сарп етті, өз халқының ұлы болды. Жан-жақты және аса білімдер жан білім мен ғылым майданында өзінің басты жеңістері мен жаңалықтарын ашты. Тоғыз жылдық мектепті үздік оқушылар қатарында бітіргеннен кейін Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеевка ауданының ауылдық мектептерінің біріне мұғалім болып жұмыс істеуге жіберілді.

Өмірінің маңызды бөлігін Евней Арыстанұлы Қарағандыға арнады. Осы қазыналы өлкеде өзінің сан қырлы талантын ашып, энциклопедист-ғалым, ағартушы, нағыз патриот ретінде озық идеяларын жүзеге асырды. Академик Е.Бөкетовтің Қазақстанның кеншілер астанасында өткізген жылдары ауқымы мен мағынасын бағалау өте қиын жемісті қызметке толы болды. Евней Арыстанұлы Бөкетовтің ең басты өмірлік ісі біздің қалада өтті, мұнда оның сүйікті ісі – Қарағанды мемлекеттік университеті құрылды деп айтсам, қателеспесмін. Бүгінгі таңда бұл жоғары оқу орны ҚарМУ-дың тұңғыш ректоры, академик Е.Бөкетовтің атымен аталады. Осы кісінің басшылық етуімен ҚарМУ көп жылдар бойы дамуының негізгі бағыттарын анықтады, табысты өсудің көпшілігі болған академиялық және педагогикалық дәстүрлерді қалыптастырды.

1972 жылы негізі қаланған Орталық Қазақстандағы іргелі жоғары оқу орны еліміздің алдыңғы қатарлы көп сала-

Қазіргі заманғы геосаяси кеңістікте ғылымды қажет ететін экономиканы қалыптастыру және дамыту алдыңғы қатарлы мемлекеттің бәсекелестік артықшылығы болып табылады. Бүгінгі таңда біз ең бірінші ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыратын негізгі фактор – университеттік білім беруге баса назар аударамыз. Өйткені, ғылым мен білім мемлекет дамуының маңызды ресурсына айналды. Бұл тұста қазіргі қазақстандық ғылым мен жоғары мектептің қалыптасуы мен дамуына тікелей байланысы бар тұлғалардың алар орны ерекше. Сондай алып тұлғаның бірі – академик Евней Арыстанұлы БӨКЕТОВ.

Еркін КӨБЕЕВ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор.

АКАДЕМИК

Евней БӨКЕТОВТІҢ

ӨМІРЛІК ІСІ



сыл экономика» принциптеріне негізделіп құрған академиктің ғылыми-зерттеушілік көрегенділігі таң қаларлық. Өмірінің соңғы жылдары Е.Бөкетов бар күш-жігерін Қарағанды бассейні кен орындарындағы күлі көп сұр тас көмірлерден сұйық отын алуға бағыттады, сол үшін арнайы зертхана ашылды. Дүниеден озғаннан кейін жазу үстелінен табылған академиктің соңғы еңбегіне жуырда халқы тәнті болды. Өзінің көркем нағаршпен жазылған бұл кітапта жақын жүзжылдықта алаңдағ-

ұлттық деңгейде аккредиттейді, сондай-ақ аймақтық және әлемдік рейтингте тұрақты ұстанымға ие.

Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ өзінің табысты даму жылдарында үлкен материалдық, кадрлық, зияткерлік ресурстарын жинай алды, бұл университетке қазіргі қоғам мен мемлекет жоғары оқу орнының алдына қоятын ең күрделі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда сапалы білім беру процесінің маңызды құраушысы болып табылатын ҚарМУ-дың материалдық

Университеттің тұңғыш ректоры білім ордасындағы студенттік жастар үшін құрылған жағдайларды мақтан тұтар еді.

Университеттің ғылыми және білім беру қызметінің сапасы алыс және жақын шетелдің беделді ғылыми орталықтарының мойындауымен дәлелденеді. ҚарМУ халықаралық білім беру қауымдастығына толық құқықты қатысушы ретінде өзін тиімді көрсете алды, беделді халықаралық білім беру ұйымдарының мүшесі, академиялық ұтқырлық бойынша жалпыeurопалық және жалпыәлемдік үрдіске тиімді қатысады, әлемдік академиялық ақпарат кеңістігіне белсенді қатынасады. Біздің серіктестеріміздің қатарында Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Франция, Словакия, Қытай, Ресей мемлекеттерінің университеттері бар.

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Қарағанды аймағындағы АКВИН/ACQUIN аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету герман институтында өзінің оқу бағдарламаларын сәтті аккредиттеген бірден-бір жоғары оқу орны болып табылады. 2014-2015 жаңа оқу жылында Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ аккредиттеудің барлық қиын тәртібінен өтіп, АКВИН/ACQUIN халықаралық 10 сертификаттан 5 жыл мерзіміне алды. QS World Universities Rankings, The Academic Ranking of World Universities, Webometrics Ranking of World Universities тәрізді және тағы басқа халықаралық рейтингтерде университет өз орнын тұрақты сақтайды. 2014 жылдың 17 желтоқсанында Еуропа мен Орталық Азияның 2014/15 жылдағы QS Quasquarellі Symonds әлемдік рейтингтік агенттігінің үздік университеттерінің жаңа рейтингісі жарияланды, онда қазақстандық 8 жоғары оқу орнының қатарында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті де Top-100-ге енді.

ҚарМУ-дың тиімді жүргізілген кадрлық саясаты университетте дәстүрлі білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамын жақсартудағы университеттің басты міндеті – мемлекет жастарының интеллектуалдық және көркі, әлеуетін жасарлығы тұрда жүзеге асыру және ашу, ағытпау болып табылады. Бүгінде университетте жаратылыстану және ғылымдарлық ғылымдар саласы бо-

ШОҚТЫҒЫ
БИІК
ТҰЛҒА

90 Жыл

Академик, біртуар ғалым Евней БӨКЕТОВ тірі болғанда былы 90 жасқа талап еді. Бірақ, қатал тағдырдың кесімімен ғұмыры қысқа болып, 1983 жылдың желтоқсан айында өмірден озды. Евней Арыстанұлы – ғылымда да, әдебиетте де, өмірде де қайталанбас тұлға. Биік өресі – ұрпаққа өнеге.

Мерейтой қарсаңында Қарағанды қаласындағы №4 және №5 кітапхана филиалдары академик Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ мұражайының директоры М.Төлебаеваның қолдау көрсетуімен «Шоқтығы биік тұлға» атты еске алу кешін өткізді. Кештің құрметті қонақтары

Қазақстандағы іргелі жоғары оқу орыны еліміздің алдығы қатарлы көп салалық университеттерінің бірі саналады. Қарағанды мемлекеттік университетінің тарихы классикалық білім беру интеллектуалды мобилділік пен инновация дәстүрлерінің табысты жолының үлгісі болып табылады.


Қарағанды мемлекеттік университетінің ашылуы Орталық Қазақстанның тарихи және әлеуметтік-экономикалық даму барысы негізінде орын алды. Жоғары оқу орнына маңызды міндет жүктелді: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен кейін Қазақ КСР аймағындағы екінші университет болған аймақтың басты ЖОО сол кезеңде Үкімет қойған міндеттерді шешуге белсене қатысты. Ол тек Қарағанды ғана емес, сонымен қатар Целиноград, Қашқары, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарының білім беру ұйымауына жоғары білікті педагог кадрларын даярлаған Орталық Қазақстандағы желінің жоғары оқу орны болды. Өзге бөлек, 70 жылдардың Басында Орталық Қазақстан әрі қарай даму үшін университеттік беінедегі мамандарды аса қажет ететін еліміздің ірі өнеркәсіптік ғылыми және мәдени орталығына айналды.

Е.Бөкетовтің Қарағандыда жаңадан құрылған университеттің ректоры ретіндегі міндеті аса оңайға түскен жоқ. Еневі Арыстанұлы өзіне төн жігермен, құлшыныспен және өз күшіне, өз ісінің маңыздылығы мен қажеттілігіне деген сеніммен жұмысқа белсене кірісті. Нақты осы кезде жоғары оқу орнының материалдық базасы салынып, Қарағанды қаласының Оңтүстік-Шығыс ауданындағы тұрғынжай аумағында жалпы аумағы 65 гектарды құрайтын университет көшенің құрылысы басталды, университет қалашығы қалыптасты.

Университет мәртебесі оқу үрдісінде маңызды қайта құруды және оқу орнының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін талап етті. Аздаған уақыттың ішінде университетті оқу жоспарларына өту жүзеге асты, оқу үрдісі университеттік оқушылармен, бағдарламалармен қамтамасыз етіліп, лайықты оқу-лаборатория базасы құрылды. Оқу үрдісін оңтайландыру мақсатында барлық факультетте мамандандырылған кабинеттер құрылды: археологиялық этнографиялық зоология және анатомия музейлері өз жұмысын бастады, оқу үрдісінде оқытудың техникалық құралдары кеңінен қолданылды.

Академик Е.Бөкетовтің басылымымен университеттің ғылыми-кәсіптік әлеуеті айтарлықтай нығайды, жаңадан кафедралар мен факультеттер, соның ішінде атап айтқанда, білікті заң және экономика мамандарын даярлайтын заң және экономика факультеттері ашылды.

Өзі ҚарМУ-да бастамашылық еткен және жүргізген ауқымды қайта құрулар мен университеттің білім мен ғылымның ең



жоғары стандарттарына жауап беретін, қарқынды дамып келе жатқан Қарағанды өңірінің әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті, мықты, көпбейнелі ЖОО құруға бағытталды. Стратегиялық оқу бағытына қабілетті көреген, тәжірибелі ұйымдастырушы Е.Бөкетовтің пікірлерінің қолдауы мен көмегіне иек арып, аз ғана уақытта оқу үрдісі мен оның материалдық-техникалық жабықталуын қайта ұйымдастырып, университеттік оқу жоспарларына көшуді жүзеге асырды, лайықты оқу-зертханалық базаны даярлады.

ҚарМУ-дың тұңғыш басшысы қызметінде Е.Бөкетов үлкен педагогикалық және студенттік ұжымның өсуі мен дамуына байланысты мәселелер мен міндеттерді шешуде таң қаларлық еңбексүйгіштігімен, парасаттылығымен және берік жүйелілігімен еңбек етті. Бүгінде жалпы Қазақстанның білім беру саласында басты рөл атқаратын, білім беру, ғылым және жастар тәрбиесі саласындағы қуатты дәстүрлері бар ЖОО оның басшылығымен ірі классикалық университет ретінде қалыптасты.

Е.Бөкетов Қарағанды өңірінің табысты дамуына мақсатты бағытталған ғылыми-қолданбалы зерттеулердің айрықша маңыздылығын жете түсінді. Ол ғылыми қызығушылықтарын нақтылы қолданбалы міндеттермен ұштастырып, өзінің қажымас қайраты мен терең ғылыми білімін экономиканың өнеркәсіп пен әлеуметтік дамуың толғағы жеткен мәселелерін шешуге бағыттады. Е.Бөкетовтің көңілін тартқан ғылыми қызығушылықтардың ауқымын елестетудің аз қиын. Ол органикалық қосылыстардың электронды және реакциялық қабілетін қауіпсіздік химиялық талдау, саз балшық құрамды шикізаттың оның ішінде, доималық қалдықтарды қайта өңдеу сияқты химия және металлургия ғылымының бағыттарын ұйымдастыру және дамыту мен айналысты. Сонымен қатар, Еневі Арыстанұлы зерттеу жұмысының тамаша ұйымдастырушысы, іргелі ғылыми-техникалық мәселелерді шешетін зерттеу ұжымдарының құрылысы және рұхтандырушысы ретінде танымал. Мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Кәмібек Салықов өз естелігінде: «Еневі Арыстанұлы маңайына жақсы мамандарды, ғалымдар мен еңбек етуге ынталы ұжымды жиынай алатын ерекше қабілетке ие», - деп жазады.

Е.Бөкетов ғылымды аса маңызды индустриалды күш деп білді, оның алдына ғылыми жетістіктерді мүмкіндігінше өндіріске енгізу бойын-

ша маңызды міндеттерді қойды. Еневі Арыстанұлының ой-толғаныстары мен еңбегін, ғылыми қызығушылықтарының зор ауқымын бағалау аса қиын.

Оның еңбектерінде мыс қосылыстары және оның табиғи серіктері - күкірт, селен, теллур, мышьяк және сурьме яғни халькогендердің химиялық қосылыстары саласындағы зерттеулері айрықша орын алды. Е.Бөкетов ғылымдығы жаңа бағыт - халькогендер мен халькогендітер химиясы мен технологиясының кезіңін салушы деп танылды. Ол мыс-электроролиттік шламдардан селен, теллур элементтерін бөліп алудың пиро және гидрохимиялық әдістерін ұсынды. Халькогендерге бай Орталық Қазақстанның табиғи ресурстары, олардың құрамындағы бағалы компоненттердің үлес салмағының өлшеуі аса қиын екенін қарқынды қайта өңдеу академиктің толықтығы және жоғары кремнийлі кендерді кешенді өңдеу, оларды өндіріс саласына енгізуге бағытталған ғылыми зерттеулерінің өзектілігін күні бүгын анықтады. Кенуәсіз кендер мен күл, көп көмірден марганецтік фторосулар, алумин айналысқан Е.Бөкетов көмірді металлургиялық қышқылдандырыштармен сутектендіру мүмкіндігін ғылыми түрде дәлелдеді.

«Мыс-электроролиттік шламдардан селен мен теллурды алудың пиро және гидрохимиялық тәсілдерін әзірлеу», «Бағалас кен-металлургиялық комбинация жағдайларында молибден мен рений алумин металлургиялық процестерді қарқынды» сынды еңбектеріне көрініс тапқан дәл осы зерттеулері үшін Е.Бөкетов КСРО Мемлекеттік сыйлығына лайық деп танылды.

Еневі Арыстанұлының жемісті және өзекті ғылыми қызметі, байорганикалық химияның дамуына қосқан елеулі үлесі арқасында Қарағанды ғылымның аталған саласындағы зерттеулердің аса маңызды орталығына айналды. Ғылым көп күлеш жай дамыды КСРО және шетел мемлекеттері жоғары оқу орындарының ғылыми орталықтарымен тығыз, жемісті байланыс орнатылды. Осы ретте, дәл біздің қаламызда халькогендер мен халькогендітердің химиясы мен технологиясы бойынша бүкілжаздық ғылыми конференциялардың өткізілуі заңды құбылыс болып табылады.

Өлеңге айгілі ғалымдар, академиктер, Социалистік Еңбек ерлері В.Спицын мен А.Новосолованың қатысуымен алғашқы конференция 1978 жылы Қарағанды қаласында өтті.

Осыдан жарты ғасыр бұрын өз ғылыми қызығушылықтарын «Жа

қарғанды университетінің ашылуына қатысты Еневі Арыстанұлының жазылған бұл кітабы жарық көргенде, біздің азаматтық энергетикасының қамтамасыз ету мәселесі туралы ғалымның көзқарастары мен оларды ашып көрсетіледі.

Сонымен қатар, зиялы ғалымның ұлы туласын қалыптастыруда академик Е.Бөкетовтің де айтарлықтай маңызды үлес қосқанын айта кету керек. Ол жарқын шығармашылық келбетімен, сан қырлы қасиетімен, энциклопедист-ғалым, нағыз зиялы тұлға ретінде ұлы бола білді. Оның ғылыми жұмыстарының мәдениет, басшылық және ұйымдастырушылық мәдениет, шығармашылық мәдениет, жеке және кәсіби қарым-қатынасы Қарағандының зиялы қауымы үшін, Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушылары мен қызметкерлері үшін берік өлшем болып табылды.

Академик Е.Бөкетов өсімін иеленген Қарағанды мемлекеттік университеті өзінің тұңғыш ректорының жан-жақты бай мұрасын зерттеді және оны сақтап отыра, дәстүрге сай жалғастырады. Қазақстанның ғылыми-білім беру орталықтарының ішіндегі жетекші орынына ҚарМУ ие болғандықтан, біз бүгінгі қызметімізде сол жаңадан берілген стандарттарды басшылыққа аламыз. Және ең бастысы, бұл - қоғамның гуманистік идеялар мен дәстүрлі ұлттық құндылықтарға байланыстылығын нығайтудан, сонымен қатар экономика мен әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді тұрақтандыру факторы ретінде елдің өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуетін жаңартудан тұратын әлеуметтік-экономикалық қайта құрылулар процесіндегі университеттік білім мен ғылымның ролін өзекті түсінді. Осы көзқарасты басшылыққа ала отырып, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ өзінің стратегиялық дамуы қалыптастырады, сондай-ақ мемлекеттегі жоғары оқу орындарының ішінде бірегей ретінде беделін сақтауына мүмкіндік береді.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында мемлекеттің серпінді үдемелі дамуына негіз болатын Қазақстанның озық, бірегей ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруды міндет етіп қойды. Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің даму стратегиясы осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталды.

Бүгінде Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті - өзінің барлық қызметтік жерекестері бойынша ұлттық білім беру жүйесінде көшбасшылық ұстанымыда тұрған Қазақстандағы ең беделді жоғары оқу орындарының бірі. ҚарМУ айтарлықтай материалдық-техникалық базамен, ғылыми дамыған инфрақұрылыммен жабдықталған, мемлекеттік және халықаралық гранттарды иеленуде конкурстарға сәтті қатысады, білім беру бағдарламаларын халықаралық және

шетелдегі ғалымдармен бірігіп жүзеге асырады. ҚарМУ-дың материалдық-техникалық базасы мен әлеуетіне инфрақұрылымның көп көңіл бөлінуіне Бүгінде оларды 11 оқу ғимараты, инженерлік залдар, мультимедиялық лингвистикалық және компьютерлік сыныптар, Студенттер сарайы, заманауи жатақханалар, санаторий-профилакторий, спорттық ғимараттар, демалыс орындары оқу тегіндіктер студиясы дербес баспақана құрайды.

Университет білім беру және ғылым саласындағы стратегиялық міндеттерді жүзеге асыратын ұйымдық құрылымды жаңарту, менеджмент сапасы жүйесін жетілдіру сінды қазіргі заманғы ұйымдық құрылым құрды. Жоғары оқу орны ішінде ғылыми кеңес, қоғамдық басқару ұйымдары, қоғамдық кеңес, Студенттік парламент, Студенттік әкімдігімен жемісті қызмет етеді.

Ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары, ғылыми зертханаларда, оның ішінде, «Зерттеудің физика-химиялық әдістері» инженерлік бағыттағы зертханасында ғылыми зерттеулер болсаңды жүргізіледі.

Заманауи ғылымды жоғары деңгейдеп материалдық-техникалық жадықтарсыз жасау мүмкін емес, сондықтан ҚарМУ ғалымдары ғылымның басым бағыттары бойынша нанотехнология мен затты дене физикасы және материалдарды синтездеу биологиялық және жарғанының мониторингін, әлеуметтану, жоғары және кәсіби білім беру жүйесі, нарықтық қатынастар, құқықтану, археология және басқа да өзекті мәселелер бойынша іргелі және қолданбалы сипаттағы зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл зерттеулердің тәжірибелі маңызы мен талап етушілігі зор және жаратылыстану мен техникалық бағыт бойынша инновациялық жобаларды жүзеге асыру, мек коммерцияландыруда ҚарМУ-дың 150 ғылыми тақырыптық әзірлемеге қатысуы осыған дәлел бола алады. Университет ғалымдарының ғылыми қызметінің тәжірибелік нәтижесі Орталық Қазақстанда химиялық өнеркәсіптің жаңа саласы ретінде органикалық синтез өнімінің өндірісін ұйымдастыру жаңа отандық инновациялық технологияларды құру, бөлекке қабілетті ғылыми-техникалық өнімді шығару болып табылады.

Жастар ғылыми қарқынды дамуында, бүгінде ғылым магистрлары және PhD докторларымен толықтырылған университеттің ғылыми мәртебесін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Докторантура бағдарламасы негізде философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне диссертациялар қорғау бойынша, «Физика», «Ядролық физика», «Техникалық физика» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңестер жұмыс жасайды.

Талантты жастарды студент кезінен оқытау университеттің ірі дәстүріне айналған. Студенттер бүгінде өздерінің өнерпаздарымен студенттік құрастыру бюросында жасайды және мақұлдайды.

Бүгінде ғылым мен инновация, өндіріс және университетте қаратылуы және ғылымдарының ғылымдар саласы бойынша болып табылмай деріс береді. ҚарМУ оқытушылары арасында 142 мемлекеттік және халықаралық стипендия жөніндегі бар. Университет «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік конкурсында саны жағынан Қазақстанда ең көп керсеткішке ие, сондай-ақ университетте беделді атақты 114 жемісін қызмет етеді.

Сонымен қатар ҚарМУ-да шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық байланыс орнатылған, студенттеріміз шетел жоғары оқу орындарының білікті оқытушыларынан дәріс тыңдап, білімдерін жетілдіре алады. Біз жоғары дәрежелі халықаралық сарапшылармен ынтымақтастық байланыстымыз отыр. Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың оқу үрдісін қамтамасыз ететін бірлескен оқу-әдістемелік әділеттерді дайындауға, шығаруға атқанысады. Сондай-ақ оқытушыларымыз шет елдерде ұжымдық монографиялар мен оқулықтарды, өзге де ғылыми және әдістемелік жарияланымдарды жариялауда белсенді түрде қызығушылық танытады, бұл олардың білімділіктерін және беделін мойындайтынныңды айғақтай түседі.

Бүгінде Е.Бөкетов негізін салған университеттік білім мен ғылым дәстүрлері, оның уақыт ағылымен үндесуі және көпешекке жұмыс жасауы, ағарту мен гуманизм идеяларын ардағдығы ҚарМУ ұжымының педагогикалық және ғылыми-зерттеушілік қызметін дамытуда пайықты жалғасын тапты. Академик Е.Бөкетовтің өсімін иеленген Қарағанды мемлекеттік университеті өзінің тұңғыш ректорының жан-жақты бай мұрасын зерттеп отыра дамытады және құптап сақтайды. Университет ұжымы оның туғанына 90 жыл толуына арналған мерейтойлық іс-шараларын өткізеді және бұрын жарияланбаған тың материалдар негізде, ғалымның ізбасарлары мен қызметестерінің айтуы бойынша «Е.А.Бөкетов әлемі» атты итапты дайындап шығарды.

Еневі Арыстанұлы бізге, жерлері мен шәкірттеріне қызметтес, пікірлес, ұстаз, ұлы қайраткер, жаны жайсаң тұлға, Отанға адал қызмет етудің жоғары үлгісі ретінде қымбат. Сондықтан, ол туралы естеліктер тек жаздымызда ғана сақтаулы емес, сонымен бірге, жеке және кәсіби жетілу үшін жігерлендіріп, жеткізіп, бағыт-бағдар беруде.

Аспанымызда ұлы тұлға Еневі Арыстанұлының құрметіне орай «Бөкетов-Баешов жұлдызы» деп аталған жұлдызды жерінен тұрған көпшілік біле бермейді. 1990 жылы АҚШ ғалымдары жаңадан ашылған жұлдызға танымал қазақстандық тұлға мен оның шәкіртінің атын беруді лайық деп таныды. Бұл жарқын символдық белгі академик Е.Бөкетовтің өлемдік ғылымға қосқан үлесі мен әлем ғалымдарының абазы жаңа деген ерекше құрметін білдіреді.

Тұлға» атты еске алу кешін өткізді. Кештің құрметті қонақтары санатында Е.Бөкетовтің классикалық және техникалық химия кафедрасының профессоры, химия ғылымдарының докторы, профессор Е.Бөкетов атындағы сыйлықтың иегері Кенжебек Рүстембеков, ғұлама ғалым, Қарағанды қаласының құрметті азаматы Темірғали Көкетаев, Қазақстан Журналистик одағының мүшесі, композитор танымал тіл жаназшыры Бақытқали Мұсабеков болды. Ірі шараға қатысушылардың басым денін №12, 85, 137 орта мектептерінің оқушылары құрады. Оқырмандар онлайн жүйесіндегі байланыс арқылы профессор Кенжебек Рүстембековпен тілдесу мүмкіндігіне ие болды. Кенжебек Түсіпұлы ұлы ғалыммен қалай танысқаны, сыйлас пейілмен қызметтес болғаны, біртуар азаматтың адамгершілік ізін қасиеттері туралы кеңінен әңгімеледі. Қойылған сауалдарға зор ынтымамен жауап берді. Темірғали Әбілдаұлы өз кезегінде Еневі Арыстанұлының ғылымдағы жетістіктерін, ғалымның өз айналасына талапты мамандар мен талантты ғалымдарды қалай шағырландыра білгені жайлы туралы сөз қозғады. Төңіректенділерді ол кісінің энциклопедиялық білімі мен қарапайым болмысы қайран қалдыратынын, шынайы келбеті мен адалдығын, ақкөңіл аңғалдығы кімді болсын баурамай қоймайтынын ерекше толғаныспен есіне алды. Содан кейін оқырмандар Е.Бөкетовтің мұражайына виртуалды экскурсия жасады. «Тағы да Бөкетов туралы» фильмінен бейнекадрлар көрсетілді. Бірегей тұлға хақында әсерлі әңгіме-өрбіткен композитор Бақытқали Мұсабеков өзінің «Мен өмірді сүйемін» әнін аспақтата шығарды. Ол бұл әнді «осыдан 20 жыл бұрын Е.Бөкетовтің құрметіне қойылған мемориалдық тақтаны ашу салтанатына арналған жиында алғаш рет орындаған болатын.

Келісті кеш «Шоқтығы биік тұлға» атты кітап көрмесіне жасалған шолумен түйінделді.

Д.ШАЙМЕРДЕНОВА.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.